



БЕКІТІЛДІ:

Костанай облысы әкімдігі мәдениет
басқармасының «І. Омаров атындағы
Костанай облыстық қазақ драма театры» КМҚК
басшысының м.а.

Г. Шаймердинова

2022 жылғы «15» 08.

Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «І. Омаров атындағы Костанай облыстық қазақ драма театры» КМҚК қызметкерлері арасында оқытуды откізу хаттамасы

Костанай қ.

2022 жылғы 15 тамыз

Откізу уақыты: 09 сағат 30 минут

Аяқталу уақыты: 10 сағат 30 минут

Тақырыбы: Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі лауазымды адамдардың өкілеттіктері. Жүртшылықтың сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға катысуы

Мақсаты: Квазимемлекеттік сектор мүшелері және жүртшылық ретінде кесіпорын қызметкерлерін сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл орбитасына тарту.

Кіріспе және сипаттама бөліктегі.

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергең-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеу қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жузеге асырады.

Бұл ретте, бейіндік заңда жүртшылықтың барлық топтары сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасай алатынын ғана емес, сондай-ақ оған қарсы іс-қимыл жасауы тиіс деп көзделген.

Жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде мынадай шараларды қолданады:

1) өздеріне белгілі болған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлайды;

2) Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;;

3) Сыйайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басқа да субъектілерімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік органдардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерттеулер, оның ішінде ғылыми және әлеуметтік зерттеулер жүргізеді;

7) бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырады.

Корытынды.

Пассивтілік пен немқұрайлылық сыбайлас жемқорлықтың өркендеуі үшін "жақсы" көмекші болып табылады. Әрбір заңды тұлға және біздің қоғамның әрбір мүшесі осы жағымсыз құбылысқа қарсы тұруы керек. Ол үшін кез-келген ресми құжаттарда көрініс тауып қана қоймай, сонымен қатар қалың жұртшылықты тарту арқылы жұмыс істейтін заңнамалық платформа құрылды.

Оқыту өткізген А.Ж.Божатов